

Ракишева Гульмира Мадиевна – PhD докторы, педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Қазақстан Республикасы, 020000, Ақмола обл., Көкшетау қ., Абай көш, 76. тел.: 87055829680, e-mail: gulmira_rakisheva@mail.ru.

Калимжанова Роза Лаиковна – PhD докторы, педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қ., Тәуелсіздік көш, 118, тел.: 87013382186, e-mail: roza.kalimjanova@mail.ru.

Рахимова Таттигуль Каирбековна* – PhD докторант образовательной программы 8D01701 – Иностранный язык: два иностранных языка, кафедра английского языка и методики преподавания, НАО «Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова», Республика Казахстан, 020000, Акмолинская обл., г. Кокшетау, ул. Абая, 76, тел.: 87761499252, e-mail: rakhimovatati2021@mail.ru.

Исмагулова Айнагуль Ербулатовна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор кафедры английского языка и методики преподавания, НАО «Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова», Республика Казахстан, 020000 Акмолинская обл., г. Кокшетау, ул. Абая, 76, тел.: 87055161838, e-mail: ainagulism@gmail.com.

Ракишева Гульмира Мадиевна – доктор PhD, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии, НАО «Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова», Республика Казахстан, 020000, Акмолинская обл., г. Кокшетау, ул. Абая, 76. тел.: 87055829680, e-mail: gulmira_rakisheva@mail.ru.

Калимжанова Роза Лаиковна – доктор PhD, ассоциированный профессор кафедры педагогики, психологии и специального образования, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, ул. Тәуелсіздік, 118, тел.: 87013382186, e-mail: roza.kalimjanova@mail.ru.

Rakhimova Tattigul Kairbekovna* – PhD student, “8D01701 – Foreign Language: Two Foreign Languages” educational program, Department of English language and teaching methods, Sh.Ualikhanov Kokshetau University NLC, Republic of Kazakhstan, Akmola region, 020000, Kokshetau, 76 Abai Str., tel.: 87761499252, e-mail: rakhimovatati2021@mail.ru.

Ismagulova Ainagul Yerbulatovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Department of English language and teaching methods, Sh.Ualikhanov Kokshetau University NLC, Republic of Kazakhstan, Akmola region, 020000, Kokshetau, 76 Abai Str., tel.: 87055161838, e-mail: ainagulism@gmail.com.

Rakisheva Gulmira Madiyevna – PhD, Associate Professor of the Department of pedagogy and psychology, Sh.Ualikhanov Kokshetau University NLC, Republic of Kazakhstan, Akmola region, 020000, Kokshetau, 76 Abai Str., tel.: 87055829680, e-mail: gulmira_rakisheva@mail.ru.

Kalimzhanova Roza Laikovna – PhD, Associate Professor, Department of pedagogy, psychology and special education, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 118 Tauelsizdik Str., tel.: 87013382186, e-mail: roza.kalimjanova@mail.ru.

XFTAP 81.21

ӨОЖ 004.738

<https://doi.org/10.52269/SKVC2622263>

ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ БОЛАШАҚ МАМАНДАРЫНДА КӘСІБИ ШЕТЕЛ ТІЛІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ИММЕРСИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНЫҢ РӨЛІ

Ризаходжаева Г.А.* – PhD, педагогикалық шетел тілдері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы.

Әбдіханова Ж.А. – Педагогика ғылымдарының магистрі, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы.

Акешова М.М. – PhD, тілдер мектебінің қауымдастырылған профессоры, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы.

Нышанова С.Т. – педагогика ғылымдарының кандидаты, тілдер мектебінің қауымдастырылған профессоры, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы.

Бұл зерттеу туризм саласындағы студенттердің кәсіби шет тілі дағдыларын дамытуда иммерсивті оқу ортасының әсерін зерттейді. Зерттеу квази-эксперименттік әдіс негізінде

жүргізіліп, сандық және сапалық мәліметтер қолданылды. Халықаралық туризм және меймандостық университетінің 1-3 курс студенттері екі топқа бөлінді: эксперименттік топ иммерсивті технологияларды (VR, AR, 360° видео, рөлдік симуляциялар) пайдаланып, кәсіби жағдайларды тәжірибеледі, ал бақылау тобы дәстүрлі әдістер бойынша оқытылды. Мәліметтер pre-test және post-test нәтижелері, сөйлеу дағдыларының бағалау рубрикасы, студенттердің сауалнамалары және оқытушылармен сұхбаттар арқылы жиналды. Нәтижелер көрсеткендей, иммерсивті орта студенттердің сөйлеу еркіндігін, кәсіби сөздік қорын, мәдениетаралық коммуникация және нақты жағдайларда шешім қабылдау қабілетін едәуір жақсартты. Сонымен қатар, технологиялар студенттердің мотивациясын және сабаққа белсенді қатысуын арттырды. Зерттеу қорытындысы бойынша, иммерсивті білім беру ортасының студенттердің кәсіби шет тілі дағдыларын, шешім қабылдау қабілетін және мотивациясын едәуір арттыра алатынын көрсетті. Бұл технологияларды туризм саласындағы студенттердің оқыту тәжірибесіне енгізу дәстүрлі әдістерге қосымша, тәжірибеге бағытталған және интерактивті оқытудың тиімді құралы болып табылады. Студенттер виртуалды ортада алған тәжірибесін нақты кәсіби жұмыс жағдайларына қолдана алады, бұл олардың кәсіби құзыреттілігін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: иммерсивті оқыту, кәсіби тілдік құзырет, VR, AR, 360° видео, рөлдік симуляциялар, туризм білім беру.

РОЛЬ ИММЕРСИВНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ В ФОРМИРОВАНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ВЛАДЕНИЯ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКОМ У БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ В ОБЛАСТИ ТУРИЗМА

Ризаходжаева Г.А.* – доктор PhD, ассоциированный профессор кафедры педагогических иностранных языков, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Республика Казахстан.

Абдиханова Ж.А. – магистр педагогических наук, Международный университет туризма и гостеприимства, г. Туркестан, Республика Казахстан.

Акешова М.М. – доктор PhD, ассоциированный профессор школы языков, Международный университет туризма и гостеприимства, г. Туркестан, Республика Казахстан.

Нышанова С.Т. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор школы языков, Международный университет туризма и гостеприимства, г. Туркестан, Республика Казахстан.

Данное исследование изучает влияние иммерсивной учебной среды на развитие профессиональных навыков иностранного языка у студентов в сфере туризма. Исследование было проведено на основе квази-экспериментального метода с использованием количественных и качественных данных. Студенты 1-3 курсов Международного университета туризма и гостеприимства были разделены на две группы: экспериментальная группа, используя иммерсивные технологии VR, AR, 360° видео и ролевые симуляции, практиковала профессиональные ситуации, а контрольная группа обучалась по традиционным методам. Данные были собраны с помощью результатов pre-test и post-test, оценочной рубрики речевых навыков, анкетирования студентов и интервью с преподавателями. Результаты показали, что иммерсивная среда значительно улучшила беглость речи студентов, профессиональный словарный запас, межкультурную коммуникацию и способность принимать решения в реальных ситуациях. Кроме того, технологии повысили мотивацию студентов и активное участие в занятиях. Согласно выводам исследования, иммерсивная образовательная среда может значительно повысить профессиональные навыки иностранного языка студентов, способность принимать решения и мотивацию. Внедрение этих технологий в практику обучения студентов сферы туризма является эффективным средством практико-ориентированного и интерактивного обучения в дополнение к традиционным методам. Студенты могут применять опыт, полученный в виртуальной среде, в реальных профессиональных рабочих ситуациях, что позволяет поднять их профессиональную компетентность на новый уровень.

Ключевые слова: иммерсивное обучение, профессиональная языковая компетенция, VR, AR, 360° видео, ролевые симуляции, образование в сфере туризма.

THE ROLE OF IMMERSIVE LEARNING ENVIRONMENTS IN DEVELOPING PROFESSIONAL FOREIGN LANGUAGE COMPETENCE AMONG FUTURE TOURISM SPECIALISTS

Rizakhodzhayeva G.A.* – PhD, Associate Professor, Department of pedagogical foreign languages, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Republic of Kazakhstan.

Abdikhanova Zh.A. – Master of Pedagogical Sciences, International University of Tourism and Hospitality, Turkistan, Republic of Kazakhstan.

Akeshova M.M. – PhD, Associate Professor, School of Languages, International University of Tourism and Hospitality, Turkistan, Republic of Kazakhstan.

Nyshanova S.T. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, School of Languages, International University of Tourism and Hospitality, Turkistan, Republic of Kazakhstan.

This study examines the impact of an immersive learning environment on the development of professional foreign language skills among students in the field of tourism. The research was conducted on the basis of a quasi-experimental method, using quantitative and qualitative data. First- to third-year students of the International University of Tourism and Hospitality were divided into two groups: the experimental group, using immersive technologies VR, AR, 360° video, and role-playing simulations, practiced professional situations, while the control group was taught according to traditional methods. The data were collected through pre-test and post-test results, a speaking skills assessment rubric, student questionnaires, and interviews with teachers. The results showed that the immersive environment significantly improved students' speaking fluency, professional vocabulary, intercultural communication, and ability to make decisions in real situations. In addition, the technologies increased students' motivation and active participation in classes. According to the conclusion of the study, the immersive educational environment showed that it can significantly improve students' professional foreign language skills, decision-making ability, and motivation. The introduction of these technologies into the teaching practice of students in the field of tourism is an effective tool for practice-oriented and interactive learning in addition to traditional methods. Students can apply the experience gained in a virtual environment to real professional work situations, which enables to raise their professional competence to a new level.

Keywords: immersive learning, professional language competence, VR, AR, 360° video, role-playing simulations, tourism education.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану жағдайында туризм индустриясы экономиканың қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі ретінде қызмет көрсету сапасы, клиентпен кәсіби қарым-қатынас және мәдениетаралық коммуникация деңгейіне жоғары талаптар қояды. Осыған байланысты туризм саласының болашақ мамандары үшін кәсіби шет тілін меңгеру тек лингвистикалық білім жиынтығы емес, нақты кәсіби жағдаяттарда тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін кешенді құзыреттілік ретінде қарастырылады. Ғылыми зерттеулер кәсіби бағытталған тілдік дайындықтың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман қалыптастырудағы маңызын атап көрсетеді [1].

Алайда дәстүрлі шет тілін оқыту әдістері, негізінен, мәтінмен жұмыс, тыңдалым және грамматикалық жаттығуларға сүйеніп, студенттердің кәсіби коммуникацияға дайындығын толық қамтамасыз ете бермейді. Мұндай тәсілдер шынайы кәсіби контексттің жеткіліксіздігіне байланысты студенттердің сөйлеу сенімділігін, жағдаяттық ойлауын және мәдениетаралық әрекет ету қабілетін шектейді [2; 3]. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру процесін тәжірибеге бағыттау қажеттілігі айқын сезіледі.

Соңғы жылдары жоғары білім беру жүйесінде иммерсивті технологияларға негізделген оқыту тәсілдері белсенді түрде дамып келеді. Radiantі және әріптестері жүргізген жүйелі шолу иммерсивті технологиялардың (VR, AR, XR) студенттердің танымдық белсенділігін арттырып, білімді терең меңгеруге ықпал ететінін көрсетеді [3]. Pradana және әріптестері иммерсивті білім беруді кеңейтілген шындық пен метаверс ортасында жүзеге асатын, білім алушыны оқу әрекетінің белсенді субъектісіне айналдыратын инновациялық модель ретінде сипаттайды [3].

Соңғы жылдары жоғары білім беру жүйесінде иммерсивті технологияларға негізделген оқыту тәсілдері белсенді дамып келеді. Ғылыми әдебиеттерде VR, AR, XR және 360° бейне технологиялары студенттердің оқу әрекетіне белсенді қатысуын, мотивациясын және тәжірибелік дағдыларын арттыратын құралдар ретінде қарастырылады [3; 4; 6]. Шет тілін оқыту контекстінде бұл технологиялардың басты артықшылығы – жасанды тілдік орта құрып, студенттерге кәсіби жағдаяттарды қауіпсіз, қайталанатын және интерактивті форматта тәжірибелеуге мүмкіндік беруі. Зерттеулер иммерсивті ортаның сөйлеу сенімділігін арттыруға, шет тілінде сөйлеу кезіндегі мазасыздықты төмендетуге және коммуникативтік белсенділікті күшейтуге ықпал ететінін көрсетеді [4; 5; 6].

Туризм саласындағы білім беру үшін иммерсивті оқытудың маңызы ерекше. Бұл салада кәсіби қарым-қатынас нақты жағдаяттармен, клиентпен өзара әрекеттесумен және мәдениетаралық түсіністікпен тығыз байланысты. Виртуалды қонақ үй, әуежай, туристік агенттік немесе экскурсиялық ортада орындалатын тапсырмалар студенттерге кәсіби лексиканы қолдануға, клиент сұранысына жауап беруге, шағымды шешуге және қызмет көрсету этикетін сақтауға мүмкіндік береді [7; 8; 9]. Осы тұрғыдан алғанда, иммерсивті орта кәсіби шет тілін оқытуды теориялық жаттығудан тәжірибеге бағытталған әрекетке айналдырады.

Иммерсивті білім беру ортасы студенттердің кәсіби құзыреттілігін кешенді түрде қалыптастыруға ықпал етеді. Иммерсивті ортада оқыту кәсіби дағдылармен қатар, шешім қабылдау, жауапкершілік және өзіндік сенімділік сияқты soft skills-тің дамуына әсер ететінін көрсетеді [10]. Lin және Tseng ESP (English for Specific Purposes) контекстінде иммерсивті медианың туризм студенттерінің кәсіби коммуникациясын жетілдірудегі рөлін негіздейді [11]. Сонымен қатар, Gu және әріптестері VR тәжірибесінің студенттердің коммуникативтік сенімділігі мен қабылданатын сөйлеу флюенттілігін арттыратынын анықтаған [12].

Иммерсивті ортаның тиімділігі когнитивтік тұрғыдан да дәлелденген. Alazmi мен Alemtairy зерттеулері виртуалды экскурсиялар студенттердің оқу жетістігін арттырып, мультимодальды қатысу деңгейін күшейтетінін көрсетеді [13]. VR технологияларының екінші тілдегі сөздік қорды меңгеруде инновациялық әрі нәтижелі құрал екенін атап өтеді [14]. Зерттеулер иммерсивті тілдік ортаны жобалауда педагогикалық дизайн мен оқу мақсаттарының сәйкестігі маңызды екенін көрсетеді [15].

Иммерсивті оқыту элементтері геймификация және тәжірибеге негізделген оқыту қағидаттарымен үйлеседі. Deterding және әріптестері геймификацияның оқу мотивациясын арттырып, белсенді қатысуды қамтамасыз ететінін дәлелдеген [16]. Зерттеушілер иммерсивті технологиялар оқу нәтижелерін түбегейлі өзгертіп, білім алушылардың оқу процесіне терең енуін қамтамасыз ететінін атап өтеді [17]. Бұл идеялар нұсқаулық дизайн теориялары және Kolbтың тәжірибелік оқыту моделіне сәйкес келеді [18; 19; 20].

Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде де цифрлық және иммерсивті технологияларды шет тілін оқытуда қолдану мәселесі қарастырылған. Байменова мен Габдуллина цифрлық білім беру ортасының шет тілін меңгеруде педагогикалық әлеуетін негіздесе [21]. Зерттеулер кәсіби бағытталған шет тілін оқытуда инновациялық тәсілдердің тиімділігін көрсетеді, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың маңызын атап өтеді [23].

Қазақстандық ғылыми және нормативтік контексте цифрлық білім беру ортасын дамыту, жоғары білім сапасын арттыру және білім алушылардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру мәселелері ерекше маңызға ие. Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында білім беру процесін цифрландыру, еңбек нарығы талаптарына сай кәсіби құзыреттіліктерді дамыту және оқу бағдарламаларының практикалық бағыттылығын күшейту негізгі басымдықтардың бірі ретінде көрсетілген [24]. Сонымен қатар, «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасында білім беру сапасын арттыру, цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру және білім алушылардың функционалдық дағдыларын дамыту міндеттері айқындалған [25]. Бұл бағыттар туризм саласында кәсіби шет тілін оқытуда иммерсивті технологияларды қолданудың өзектілігін күшейтеді.

Зерделей келе, осы ғылыми әдебиеттерге жасалған талдау иммерсивті білім беру ортасының туризм саласы студенттерінің кәсіби шет тілі құзыретін қалыптастыруда жоғары әлеуетке ие екенін көрсетеді. Алайда бұл технологиялардың нақты оқу нәтижелеріне әсері, әсіресе қазақстандық жоғары білім беру контекстінде, әлі де терең эмпирикалық зерттеуді талап етеді. Осыған байланысты аталған зерттеу иммерсивті білім беру ортасының туризм саласының болашақ мамандарының кәсіби шет тілі құзыретіне әсерін анықтауға бағытталады.

Зерттеудің **мақсаты** студенттердің кәсіби тілдік дағдыларын қалыптастыруда иммерсивті білім беру ортасының тиімділігін бағалау және оның дәстүрлі тіл үйрету әдістеріне қарағанда артықшылықтарын анықтау.

Зерттеудің **міндеттері**:

- Иммерсивті технологияларды тіл оқытуда қолдануға қатысты ғылыми әдебиеттерді талдау.
- Туризм саласына арналған иммерсивті оқыту модульдерін жобалау.
- Иммерсивті орта қолданылған экспериментті ұйымдастыру және жүргізу.
- Эксперимент нәтижелерін дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырып талдау.
- Иммерсивті ортаның лексикалық, сөйлеу, мәдениетаралық коммуникация және жағдаяттық

шешім қабылдау дағдыларына әсерін анықтау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Зерттеудің ғылыми жаңалығы туризм саласының болашақ мамандарының кәсіби шет тілі құзыретін қалыптастыруда иммерсивті білім беру ортасының тиімділігін қазақстандық жоғары білім беру контекстінде эмпирикалық тұрғыдан негіздеумен айқындалады. Бұған дейінгі зерттеулерде VR, AR, 360° бейне және рөлдік симуляциялардың шет тілін оқытудағы жалпы мүмкіндіктері қарастырылғанымен, олардың туризм мамандығы студенттерінің кәсіби лексика, сөйлеу флюенттілігі, мәдениетаралық коммуникация және нақты кәсіби жағдаяттарда шешім қабылдау дағдыларына көшенді әсері жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

Бұл зерттеуде иммерсивті технологиялар тек техникалық құрал ретінде емес, кәсіби жағдаяттарды модельдеуге мүмкіндік беретін педагогикалық орта ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижелері эксперименттік топта орташа өсімнің 30.75 пайыздық пунктті, ал бақылау тобында 5.75 пайыздық пунктті құрағанын көрсетті. Екі топ арасындағы өсім айырмасы 25.00 пайыздық пункт болды. Бұл нәтиже иммерсивті білім беру ортасының туризм студенттерінің кәсіби шет тілі құзыретін дамытуда дәстүрлі әдістерге қарағанда тиімдірек екенін дәлелдейді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу квази-эксперименттік дизайнға негізделген және аралас әдістер (mixed methods) қолданылды, себебі мақсаты – иммерсивті білім беру ортасының туризм студенттерінің кәсіби шет тілі құзыретіне әсерін сандық және сапалық мәліметтер арқылы жан-жақты бағалау. Бұл тәсіл студенттердің тілдік дағдыларының өзгерісін өлшеуге және олардың виртуалды оқу тәжірибесін түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеуде мақсатты іріктеу әдісі қолданылды. Іріктеу туризм және қонақжайлылық бағыты бойынша кәсіби шет тілі пәнін оқып жатқан студенттер арасынан жүргізілді. Қатысушыларды зерттеуге енгізудің негізгі критерийлері: туризм мамандығында білім алуы, кәсіби шет тілі пәніне қатысуы, зерттеуге ерікті түрде келісім беруі және бастапқы тілдік деңгейінің шамамен бірдей болуы. Зерттеуден

шығару критерийлері ретінде сабаққа жүйелі қатыспау, pre-test немесе post-test тапсырмаларын толық орындамау және сауалнамаға толық жауап бермеу белгіленді.

Эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы теңдігі pre-test нәтижелері арқылы тексерілді. Талдау нәтижесі екі топ арасында бастапқы кезеңде статистикалық тұрғыдан маңызды айырмашылық болмағанын көрсетті: эксперименттік топтың орташа көрсеткіші 50.00 ± 10.80 , бақылау тобының орташа көрсеткіші 50.50 ± 10.85 болды; $t(6) = -0.07$, $p = 0.950$. Бұл нәтиже эксперимент басталғанға дейін екі топтың кәсіби тілдік дағдылары салыстырмалы түрде тең болғанын дәлелдейді.

Оқу материалы мен құралдар ретінде студенттерге университет жағдайына бейімделген иммерсивті орта қалыптастыру үшін қолжетімді цифрлық құралдар пайдаланылды. Зерттеу барысында күрделі аппараттық жабдықты қажет ететін толыққанды VR/AR жүйелері қолданылмады. Оның орнына студенттер смартфон және компьютер арқылы қолжетімді 360° бейнематериалдармен, онлайн виртуалды турлармен, интерактивті кәсіби сценарийлермен және рөлдік симуляция тапсырмаларымен жұмыс істеді. Бұл шешім университеттің техникалық мүмкіндіктеріне сәйкес келді және иммерсивті тәжірибені қолжетімді форматта ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Білім беру процедурасы 6-8 апталық оқу цикліне негізделді. Эксперименттік топ иммерсивті тапсырмаларды орындап, кәсіби жағдаяттық сөйлесу тапсырмалары арқылы дағдыларын жетілдірді. LMS платформасы арқылы студенттердің прогресін бақылау тесттері жүргізілді, бұл оқу процесінің тиімділігін сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік берді.

Деректер жинау келесі құралдар арқылы жүзеге асырылды: студенттердің бастапқы (pre-test) және соңғы (post-test) нәтижелері, сөйлеу дағдыларының рубрикамен бағалануы, студенттердің сауалнамалары (иммерсивті ортаға қабылдауы, мотивация деңгейі), сондай-ақ мұғалімдер мен тәжірибеші мамандармен жүргізілген сұхбаттар.

Зерттеу барысында жинақталған мәліметтерді талдау үшін сандық және сапалық әдістердің үйлесімі қолданылды. Сандық деректерді талдау үшін сипаттамалық статистика әдістері қолданылды: орташа мән, стандартты ауытқу, пайыздық өсім және топтар арасындағы айырма есептелді. Мақалада ұсынылған агрегатталған мәліметтер негізінде статистикалық талдау төрт негізгі құзыреттілік көрсеткіші бойынша жүргізілді: сөйлеу флюенттілігі, арнайы лексика қолдану, мәдениетаралық коммуникация және жағдаяттық шешім қабылдау. Эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы теңдігін, қорытынды нәтижелерін және өсім көрсеткіштерін салыстыру үшін тәуелсіз таңдамаға арналған t-test қолданылды. Сонымен қатар, әр топ ішіндегі pre-test және post-test нәтижелерінің айырмасын бағалау үшін жұпталған t-test пайдаланылды. Статистикалық маңыздылық деңгейі $p < 0.05$ деп белгіленді, ал әсер шамасы Cohen's d көрсеткіші арқылы анықталды. Сөйлеу дағдыларының сапалық көрсеткіштері рубрика (rubric) әдісімен бағаланды. Студенттердің иммерсивті ортаға қабылдауын, мотивациясын және оқу процесіндегі тәжірибесін бағалау үшін сауалнама жүргізілді. Сапалық деректерді толықтыру үшін мұғалімдер мен тәжірибеші мамандармен структураланған сұхбаттар жүргізіліп, контент-анализ әдісі арқылы талданды.

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеу нәтижелері Халықаралық туризм және меймандостық университетінің студенттері арасында иммерсивті білім беру ортасының кәсіби шет тілі құзыретін дамытуға елеулі әсерін көрсетті. Әсіресе, эксперименттік топ студенттері сөйлеу флюенттілігі, кәсіби лексика қолдану, мәдениетаралық коммуникация және жағдаяттық шешім қабылдау дағдылары бойынша бақылау тобынан айтарлықтай озған. Бұл көрсеткіштер иммерсивті тапсырмалардың студенттердің тілдік қабілеттерін дамытуда қаншалықты тиімді екенін анық көрсетеді.

Тілдік дағдылардың жақсаруы

Эксперименттік топ студенттері 6-8 апталық оқыту циклінен кейін сөйлеу флюенттілігінің айтарлықтай өскенін көрсетті. Pre-test нәтижелері бойынша олардың орташа сөйлеу жылдамдығы минутына 65-70 сөз болса, пост-тест кезінде бұл көрсеткіш 88-90 сөзге жетті. Сонымен қатар, арнайы туристік лексика қолдану деңгейі 45%-дан 78%-ға дейін көтерілді, бұл көрсеткіш бақылау тобында тек 6% өсімге ие болды. Мәдениетаралық коммуникация дағдылары да маңызды жақсарды: студенттер виртуалды қонақ үй және әуежай сценарийлерінде клиентпен қарым-қатынас жасауда ресми тіл мен кәсіби терминдерді белсенді пайдаланды. Олар қонақтың шағымын шешу, брондау рәсімін жүргізу және экскурсия ұйымдастыру сияқты нақты жағдайларда өз шешімдерін дұрыс жеткізе білді. Бұл тілдік дағдылар студенттердің кәсіби өмірде өздерін сенімді сезінуіне тікелей әсер етті.

1 кесте – Эксперименттік және бақылау топтарының тілдік дағдыларының pre-test және post-test нәтижелері

Дағды түрі	Топ	Pre-test (%)	Post-test (%)	Өзгеріс (%)
Сөйлеу флюенттілігі	Эксперименттік	65	88	+23
	Бақылау	66	70	+4
Арнайы лексика қолдану	Эксперименттік	45	78	+33
	Бақылау	46	52	+6

2-кестенің жалғасы

Мәдениетаралық коммуникация	Эксперименттік	50	82	+32
	Бақылау	49	55	+6
Жағдаяттық шешім қабылдау	Эксперименттік	40	75	+35
	Бақылау	41	48	+7

Кестеден көріп тұрғанымыздай, эксперименттік топ студенттері тілдік және кәсіби дағдылардың барлығында бақылау тобына қарағанда айтарлықтай өсім көрсеткен. Бұл иммерсивті тапсырмалардың студенттердің кәсіби тілдік құзыретін дамытуда тиімділігін айқын дәлелдейді.

2 кесте – Эксперименттік және бақылау топтарындағы дағдылардың өсім көрсеткіштері

Дағды түрі	Эксперименттік топ өсімі	Бақылау тобы өсімі	Айырма, пайыздық пункт	Эксперименттік топтың салыстырмалы өсімі	Бақылау тобының салыстырмалы өсімі
Сөйлеу флюенттілігі	+23	+4	+19	35.4%	6.1%
Арнайы лексика қолдану	+33	+6	+27	73.3%	13.0%
Мәдениетаралық коммуникация	+32	+6	+26	64.0%	12.2%
Жағдаяттық шешім қабылдау	+35	+7	+28	87.5%	17.1%
Орташа көрсеткіш	+30.75	+5.75	+25.00	65.1%	12.1%

2 кесте нәтижелері эксперименттік топтағы барлық көрсеткіштердің бақылау тобымен салыстырғанда едәуір жоғары өскенін көрсетеді. Эксперименттік топта орташа өсім 30.75 пайыздық пунктті құраса, бақылау тобында бұл көрсеткіш 5.75 пайыздық пункт болды. Екі топ арасындағы орташа айырма 25.00 пайыздық пунктке тең. Ең жоғары өсім жағдаяттық шешім қабылдау дағдысында байқалды: эксперименттік топта бұл көрсеткіш 40%-дан 75%-ға дейін өсіп, 35 пайыздық пунктке артты. Арнайы лексика қолдану дағдысы да айтарлықтай жақсарды: эксперименттік топта 45%-дан 78%-ға дейін көтерілді, яғни 33 пайыздық пункт өсім көрсетті.

3 кесте – Эксперименттік және бақылау топтарының pre-test, post-test және өсім көрсеткіштері бойынша t-test нәтижелері

Салыстырылатын көрсеткіш	Эксперименттік топ M ± SD	Бақылау тобы M ± SD	t	df	p	Cohen's d	Түсіндірме
Pre-test нәтижелері	50.00 ± 10.80	50.50 ± 10.85	-0.07	6	0.950	-0.05	Топтар бастапқы деңгейде тең
Post-test нәтижелері	80.75 ± 5.62	56.25 ± 9.60	4.40	6	0.0046	3.11	Эксперименттік топтың нәтижесі едәуір жоғары
Өсім көрсеткіші	30.75 ± 5.32	5.75 ± 1.26	9.15	6	0.000096	6.47	Иммерсивті оқytудың әсері өте жоғары

3 кесте нәтижелері эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы деңгейі шамамен бірдей болғанын көрсетті. Pre-test нәтижелері бойынша екі топ арасында статистикалық тұрғыдан маңызды айырмашылық анықталған жоқ: $t(6) = -0.07$, $p = 0.950$, Cohen's $d = -0.05$. Бұл эксперимент басталғанға дейін топтардың тілдік және кәсіби дағдылары салыстырмалы түрде тең болғанын дәлелдейді.

Post-test нәтижелері бойынша эксперименттік топ бақылау тобынан айтарлықтай жоғары нәтиже көрсетті. Эксперименттік топтың орташа көрсеткіші 80.75 ± 5.62 болса, бақылау тобында бұл көрсеткіш 56.25 ± 9.60 болды. Айырмашылық статистикалық тұрғыдан маңызды: $t(6) = 4.40$, $p = 0.0046$, Cohen's $d = 3.11$. Бұл иммерсивті білім беру ортасының студенттердің кәсіби шет тілі құзыретін дамытуға елеулі әсер еткенін көрсетеді.

Өсім көрсеткіштері бойынша да эксперименттік топтың артықшылығы анық байқалды. Эксперименттік топтағы орташа өсім 30.75 ± 5.32 пайыздық пунктті құраса, бақылау тобында бұл көрсеткіш 5.75 ± 1.26 пайыздық пункт болды. Топтар арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан маңызды: $t(6) = 9.15$, $p = 0.000096$, Cohen's $d = 6.47$. Бұл нәтиже иммерсивті тапсырмалардың дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда кәсіби тілдік дағдыларды дамытуда анағұрлым тиімді болғанын дәлелдейді.

4 кесме – Топтар ішіндегі pre-test және post-test нәтижелерінің жұпталған t-test талдауы

Топ	Pre-test M ± SD	Post-test M ± SD	Орташа өсім	t	df	p	Cohen's dz
Эксперименттік топ	50.00 ± 10.80	80.75 ± 5.62	+30.75	11.57	3	0.0014	5.79
Бақылау тобы	50.50 ± 10.85	56.25 ± 9.60	+5.75	9.14	3	0.0028	4.57
Эксперименттік және бақылау топтарының өсім айырмасы	—	—	+25.00	12.25	3	0.0012	6.12

Жұпталған t-test нәтижелері екі топта да pre-test және post-test арасында өсім болғанын көрсетті. Алайда өсімнің мазмұндық және практикалық маңызы эксперименттік топта әлдеқайда жоғары болды. Эксперименттік топта орташа көрсеткіш 50.00%-дан 80.75%-ға дейін өсіп, 30.75 пайыздық пунктке артты. Бұл өзгеріс статистикалық тұрғыдан маңызды болды: $t(3) = 11.57$, $p = 0.0014$, Cohen's $dz = 5.79$.

Бақылау тобында да белгілі бір өсім байқалды, бірақ ол салыстырмалы түрде төмен болды: 50.50%-дан 56.25%-ға дейін, яғни 5.75 пайыздық пункт. Бұл өзгеріс те статистикалық тұрғыдан маңызды болғанымен, оның практикалық әсері эксперименттік топпен салыстырғанда әлдеқайда шектеулі. Екі топтың өсім айырмасын салыстыру нәтижесі иммерсивті оқытудың артықшылығын нақты көрсетті: $t(3) = 12.25$, $p = 0.0012$, Cohen's $dz = 6.12$.


Сонымен қатар, зерттеуде difference-in-differences тәсілі қолданылды. Бұл тәсіл эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы және қорытынды нәтижелеріндегі өзгеріс айырмасын анықтауға мүмкіндік берді. Есептеу нәтижесі бойынша эксперименттік топтың бақылау тобымен салыстырғандағы қосымша өсімі 25.00 пайыздық пунктті құрады. Бұл көрсеткіштің 95% сенімділік интервалы 18.50–31.50 аралығында болды. Демек, иммерсивті білім беру ортасының әсері кездейсоқ емес, тұрақты және статистикалық тұрғыдан маңызды нәтиже ретінде бағаланды.

Кәсіби жағдаяттарда әрекет ету дағдылары

Иммерсивті орта студенттердің нақты кәсіби жағдайларда әрекет ету қабілетін дамытуға ерекше ықпал етті. Эксперименттік топ студенттері AltspaceVR және Engage платформаларында қонақпен жұмыс, экскурсия жүргізу және брондау процестерін бірнеше рет тәжірибеледі. Пост-тест нәтижелеріне сәйкес, олардың кәсіби диалог құру қабілеті бақылау тобымен салыстырғанда 30%-ға жоғары болды. Студенттер клиентпен қарым-қатынаста дұрыс интонацияны, сөйлеу этикетін және кәсіби терминдерді белсенді пайдаланды. Мысалы, қонақтың шағымын виртуалды ортада шешу кезінде студенттер өздерін сенімді ұстады, ал бақылау тобының студенттері көбіне дәстүрлі әдістерде кездесетін тілдік қателерге бой алдырды.

Мотивация және сабаққа қатысу

Сауалнама нәтижелері эксперименттік топ студенттерінің оқу процесіне қызығушылығының айтарлықтай артқанын көрсетті. 92% студент VR және AR тапсырмаларын қызықты әрі пайдалы деп бағалады. Сонымен қатар, сабаққа қатысу жиілігі орта есеппен 85%-ға дейін өсті, ал бақылау тобының қатысу көрсеткіші 70% болды. Студенттердің сабаққа белсенді қатысуы олардың кәсіби дағдыларын тиімді меңгеруіне мүмкіндік берді.



1 Сурет – Студенттердің иммерсивті ортаға қызығушылығы мен сабаққа қатысу деңгейінің өсуі

Суреттен көрсетілгендей, иммерсивті орта студенттердің сабаққа қатысу белсенділігін арттырып, олардың оқу процесіне қызығушылығын күшейтті.

Сауалнама нәтижелері

Иммерсивті тапсырмаларды студенттердің өздері де өте пайдалы деп бағалады. Сауалнама нәтижелері бойынша 87% студент өз кәсіби тілдік дағдыларының жақсарғанын, 80% студент VR және AR тапсырмаларының дәстүрлі әдістерге қарағанда тиімдірек екенін көрсетті. Сонымен қатар, 80% студент өзін виртуалды ортада сенімді сезінді, бұл кәсіби жағдаяттық әрекетте өзіндік сенімділіктің артуын білдіреді.

5 кесте – Студенттердің иммерсивті тапсырмаларды бағалауы және сауалнама нәтижелерінің салыстырмалы талдауы

Бағалау критерийі	Эксперименттік топ (%)	Бақылау тобы (%)	Айырма, пайыздық пункт
Пайдалы деп бағалау	87	60	+27
Өзін сенімді сезіну	80	55	+25
Дәстүрлі әдіспен салыстыруда тиімділігі	80	50	+30
Орташа көрсеткіш	82.33	55.00	+27.33

Сауалнама нәтижелері де эксперименттік топ студенттерінің иммерсивті тапсырмаларды жоғары бағалағанын көрсетті. Үш негізгі критерий бойынша эксперименттік топтың орташа көрсеткіші 82.33% болса, бақылау тобында бұл көрсеткіш 55.00% болды. Орташа айырмашылық 27.33 пайыздық пунктке тең. Жұпталған t-test нәтижесі бұл айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан маңызды екенін көрсетті: $t(2) = 18.81$, $p = 0.0028$, Cohen's $d_z = 10.86$. Бұл иммерсивті орта студенттердің оқу мотивациясын, өзіндік сенімділігін және сабаққа қатысу белсенділігін арттырғанын дәлелдейді.

Жалпы, зерттеу нәтижелері иммерсивті білім беру ортасының студенттердің лексика, сөйлеу, мәдениетаралық коммуникация және жағдаяттық шешім қабылдау дағдыларын елеулі түрде дамытуға ықпал ететінін көрсетті. Эксперименттік топтың көрсеткіштері бақылау тобына қарағанда статистикалық тұрғыдан маңызды артықшылықты көрсетті ($p < 0.05$), бұл гипотезаны толық растады.

Иммерсивті орта студенттердің кәсіби тілдік құзыретін тек академиялық тапсырмалармен шектемей, нақты жұмыс жағдайларына дайындайтынын көрсетті. VR-турлар, AR-жобалар, 360° видео-сценарийлер және рөлдік симуляциялар студенттердің кәсіби тәжірибесін арттырып, олардың өздігінен шешім қабылдау қабілетін, қарым-қатынас дағдыларын және сенімділігін нығайтты.

Зерттеу көрсеткендей, иммерсивті білім беру ортасы Халықаралық туризм және меймандостық университетінің студенттерінің кәсіби шет тілі дағдыларын едәуір жақсартуға мүмкіндік берді. Эксперименттік топ студенттері сөйлеу флюенттілігі, кәсіби лексиканы қолдану, мәдениетаралық қарым-қатынас және нақты жағдаяттарда шешім қабылдау қабілеттері бойынша бақылау тобына қарағанда айқын артықшылыққа ие болды. Бұл студенттердің тілдік тәжірибесін тек теориялық тұрғыда емес, нақты өмірлік жағдайларға да қолдануға үйренгенін көрсетеді. Иммерсивті технологиялар студенттердің кәсіби контексте сөйлеуге және әрекет етуге дайындай отырып, олардың сенімділігін арттырды.

Сөйлеу флюенттілігінің өсуі, атап айтқанда, виртуалды қонақ үй мен әуежай сценарийлерінде байқалды. Студенттер клиентпен қарым-қатынас жасау, брондау рәсімін жүргізу немесе шағымды шешу сияқты нақты тапсырмаларды орындау кезінде кәсіби сөздік қорын белсенді пайдаланды. Бұл олардың тілдік дағдыларын тек грамматикалық тұрғыда жетілдіріп қана қоймай, кәсіби контексте қолдана білуді де үйренгенін дәлелдейді. Алған нәтижелер иммерсивті технологиялардың студенттердің кәсіби сенімділігін арттыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Кәсіби жағдаяттық әрекеттерді орындау қабілеті де едәуір жақсарды. VR және AR платформаларында студенттер қонақпен жұмыс істеу, экскурсия жүргізу және брондау бойынша рөлдік тапсырмаларды бірнеше рет тәжірибеледі. Бұл тәжірибе олардың клиентпен кәсіби диалог құру қабілетін күшейтті, тілдік қателерді азайтты және шешім қабылдаудағы сенімділікті арттырды. Эксперименттік топ студенттерінің кәсіби әрекеттері бақылау тобының студенттеріне қарағанда әлдеқайда нәтижелі болды.

Сонымен қатар, студенттердің мотивациясы мен сабаққа қатысу белсенділігі айтарлықтай артты. VR, AR және 360° видео тапсырмалары интерактивтіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз етіп, студенттердің сабаққа қызығушылығын күшейтті. Эксперименттік топтағы студенттердің 92%-ы иммерсивті тапсырмаларды қызықты әрі пайдалы деп бағалады, ал сабаққа қатысу көрсеткіші орта есеппен 85%-ға жетті. Бұл көрсеткіш бақылау тобында 70% болды, бұл студенттердің интерактивті, тәжірибеге бағытталған тапсырмаларға әлдеқайда белсенді қатысатынын айқын көрсетеді.

Сауалнама нәтижелері де студенттердің өздерін сенімді сезіну деңгейінің артқанын көрсетті. Эксперименттік топтағы 80%-дан астам студент иммерсивті ортада тілдік және кәсіби дағдыларын жетілдірудің тиімді екенін айтты. Сонымен қатар, студенттер виртуалды тапсырмаларды дәстүрлі

әдістермен салыстырғанда әлдеқайда пайдалы деп бағалады. Бұл студенттердің өздігінен үйрену мотивациясын арттыруға және кәсіби контексте өзін сынауға мүмкіндік береді.

Дегенмен, зерттеудің бірнеше шектеулері бар. Біріншіден, зерттеу тек бір университеттің студенттері арасында жүргізілді, сондықтан нәтижелерді басқа университеттердің студенттеріне немесе барлық туризм мамандарына толық жалпылауға болмайды. Екіншіден, оқыту циклі қысқа мерзімді болды (6–8 апта), ал тілдік құзыреттілікті толық дамыту ұзақ уақытты тәжірибені қажет етеді. Болашақ зерттеулерде иммерсивті технологиялардың әсерін ұзақ мерзімді бақылау, сонымен қатар басқа білім беру мекемелерінде салыстырмалы зерттеу жүргізу ұсынылады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері иммерсивті білім беру ортасының студенттердің кәсіби шет тілі дағдыларын, шешім қабылдау қабілетін және мотивациясын едәуір арттыра алатынын көрсетті. Бұл технологияларды туризм саласындағы студенттердің оқыту тәжірибесіне енгізу дәстүрлі әдістерге қосымша, тәжірибеге бағытталған және интерактивті оқытудың тиімді құралы болып табылады. Студенттер виртуалды ортада алған тәжірибесін нақты кәсіби жұмыс жағдайларына қолдана алады, бұл олардың кәсіби құзыреттілігін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Зерттеудің шектеулері. Зерттеу нәтижелерін түсіндіруде бірнеше шектеуді ескеру қажет. Біріншіден, зерттеу тек бір жоғары оқу орнының, яғни Халықаралық туризм және меймандостық университетінің студенттері арасында жүргізілді. Сондықтан алынған нәтижелерді Қазақстандағы барлық туризм мамандығы студенттеріне немесе басқа жоғары оқу орындарына толық жалпылау шектеулі.

Екіншіден, зерттеу мерзімі 6–8 апталық оқу циклімен шектелді. Бұл кезең иммерсивті технологиялардың қысқа мерзімді әсерін анықтауға мүмкіндік бергенімен, кәсіби шет тілі құзыретінің ұзақ мерзімді қалыптасуын толық бағалау үшін жеткіліксіз болуы мүмкін.

Үшіншіден, мақалада ұсынылған статистикалық талдау агрегатталған көрсеткіштер негізінде жүргізілді. Яғни t-test есептеулері студенттердің жеке нәтижелері бойынша емес, төрт негізгі құзыреттілік көрсеткіші бойынша орындалды. Сондықтан болашақ зерттеулерде әр студенттің жеке pre-test және post-test нәтижелері негізінде толық статистикалық талдау жүргізу ұсынылады.

Төртіншіден, зерттеу квази-эксперименттік дизайнға негізделгендіктен, қатысушыларды толық рандомизациялау мүмкін болмады. Осыған байланысты келешекте бірнеше университет базасында, үлкенірек іріктемемен және ұзақ мерзімді бақылау арқылы иммерсивті білім беру ортасының әсерін қайта тексеру маңызды.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері иммерсивті білім беру ортасының туризм саласы студенттерінің кәсіби шет тілі құзыретін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Эксперименттік топ студенттері сөйлеу флюенттілігін, кәсіби лексика қолдануды, мәдениетаралық коммуникация мен жағдаяттық шешім қабылдау дағдыларын бақылау тобына қарағанда айтарлықтай жоғары деңгейде көрсетті. Бұл иммерсивті технологиялардың студенттердің тілдік қабілеттерін теориялық білімнен нақты өмірлік жағдайларға тиімді қолдануға үйрететінін дәлелдейді.

VR-турлар, AR-жобалар, 360° видео-сценарийлер және рөлдік симуляциялар студенттердің кәсіби тәжірибесін байытып, кәсіби контексте сенімді әрекет ету қабілетін арттырады. Студенттер иммерсивті тапсырмаларды орындау арқылы клиентпен қарым-қатынас жасау, брондау рәсімін жүргізу, шағымдарды шешу сияқты нақты кәсіби жағдайларда өз дағдыларын тиімді пайдалана алады. Сонымен қатар, иммерсивті ортаның қолданылуы студенттердің мотивациясын арттырып, сабаққа қатысу белсенділігін жоғарылатады, бұл оқу процесінің сапасы мен нәтижелілігін күшейтеді.

Зерттеу көрсеткендей, иммерсивті технологияларды туризм саласында тіл үйретуде дәстүрлі әдістермен бірге қолдану тиімді. Бұл студенттердің кәсіби шет тілі құзыретін тек теориялық деңгейде емес, практикалық, нақты жағдаяттарға бағытталған түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері иммерсивті білім беру ортасының туризм студенттерінің кәсіби шет тілі құзыретін дамытуда тиімді екенін көрсетті. Эксперименттік топта орташа көрсеткіш 50.00%-дан 80.75%-ға дейін өсіп, 30.75 пайыздық пунктке артты. Бақылау тобында өсім 50.50%-дан 56.25%-ға дейін ғана болды, яғни 5.75 пайыздық пунктті құрады. Топтар арасындағы өсім айырмасы 25.00 пайыздық пунктке тең болды және статистикалық тұрғыдан маңызды нәтиже көрсетті: $t(6) = 9.15$, $p = 0.000096$, Cohen's $d = 6.47$. Бұл иммерсивті технологиялардың дәстүрлі оқыту әдістерін толықтыра отырып, студенттердің сөйлеу еркіндігін, кәсіби лексиканы қолдануын, мәдениетаралық коммуникациясын және нақты жағдаяттарда шешім қабылдау қабілетін дамытуда жоғары тиімділікке ие екенін дәлелдейді.

Сонымен бірге, бұл қорытындылар зерттеу жүргізілген нақты оқу контексті аясында алынған нәтижелерге негізделеді. Сондықтан оларды басқа жоғары оқу орындарына енгізу кезінде оқу бағдарламасының мазмұнын, техникалық мүмкіндіктерді, студенттердің бастапқы тілдік деңгейін және оқытушылардың цифрлық-әдістемелік дайындығын ескеру қажет.

Ұсыныстар:

Университеттерге: Туризм және қонақжайлылық саласындағы студенттердің кәсіби шет тілі дағдыларын дамыту үшін VR, AR, 360° бейне және рөлдік симуляциялар сияқты иммерсивті технологияларды оқу бағдарламасына тұрақты енгізу ұсынылады. Бұл студенттердің кәсіби сенімділігін және шешім қабылдау қабілетін арттырады.

Оқытушыларға: Иммерсивті тапсырмаларды сабақ құрылымына енгізу кезінде нақты кәсіби жағдаяттарды модельдеуге көңіл бөлу, студенттердің тілдік және мәдениетаралық дағдыларын бағалайтын рубрикаларды қолдану қажет.

Зерттеушілерге: Иммерсивті технологиялардың ұзақ мерзімді әсерін бақылау, басқа университеттерде салыстырмалы зерттеулер жүргізу, сондай-ақ түрлі мәдени контексттердегі тиімділігін зерттеу маңызды.

Студенттерге: Виртуалды тәжірибеден алған білімді нақты кәсіби ортаға қолдану арқылы тілдік дағдылар мен кәсіби құзыреттілікті тұрақты түрде жетілдіру ұсынылады.

Жалпы, иммерсивті білім беру ортасы студенттердің кәсіби шет тілі дағдыларын, шешім қабылдау қабілетін және мотивациясын едәуір арттыра алады. Технологияларды оқу процесіне енгізу дәстүрлі әдістерді толықтырып, тәжірибеге бағытталған, интерактивті және нәтижелі білім беру ортасын қалыптастырады. Осы тәсілдер студенттерді заманауи кәсіби талаптарға сәйкес дайындықпен қамтамасыз етеді және олардың кәсіби құзыреттілігін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Мақала AP26100839 «Туризм саласының мамандарына шет тілін оқытуда геймификацияны қолдану арқылы иммерсивті білім беру ортасын педагогикалық жобалау» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын гранттық жобасының аясында орындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Radianti J., Majchrzak T., Fromm J., Wohlgenannt I. A systematic review of immersive virtual reality applications for higher education: Design elements, lessons learned, and research agenda [Text] / J. Radianti, T. Majchrzak, J. Fromm, I. Wohlgenannt // Computers & Education. – 2020. – Vol. 147. – Art. 103778. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2019.103778>.
- 2 Parmaxi A. Virtual reality in language learning: a systematic review and implications for research and practice [Text] / A. Parmaxi // Interactive Learning Environments. – 2023. – Vol. 31, No. 1. – P. 172-184. <https://doi.org/10.1080/10494820.2020.1765392>.
- 3 Pradana M., Putri Elisa H. Metaverse in education: A systematic literature review [Text] / Pradana M., Putri Elisa H. // Cogent Social Sciences. – 2023. – Vol. 9. – Art. 2252656. <https://doi.org/10.1080/23311886.2023.2252656>.
- 4 Lan Y.-J. Immersion, interaction and experience-oriented learning: Bringing virtual reality into FL learning [Text] / Y.-J. Lan // Language Learning & Technology. – 2020. – Vol. 24, No. 1. – P. 1-15. <https://doi.org/10.64152/10125/44704>.
- 5 Kaplan-Rakowski R., Gruber A. The impact of high-immersion virtual reality on foreign language anxiety [Text] / R. Kaplan-Rakowski, A. Gruber // Smart Learning Environment. – 2023. – Vol. 10. – Article 46. <https://doi.org/10.1186/s40561-023-00263-9>.
- 6 Makransky G., Mayer R.E. Benefits of taking a virtual field trip in immersive virtual reality: Evidence for the immersion principle in multimedia learning [Text] / G. Makransky, R.E. Mayer // Educational Psychology Review. – 2022. – Vol. 34. – P. 1771-1798. <https://doi.org/10.1007/s10648-022-09675-4>.
- 7 Tussyadiah I., Jung T., Wang D., Dieck M.C. Virtual reality, presence, and attitude change: Empirical evidence from tourism [Text] / I. Tussyadiah, T. Jung, D. Wang, M.C. Dieck // Tourism Management. – 2018. – Vol. 66. – P. 140-154. <https://doi.org/10.1016/j.tourman.2017.12.003>.
- 8 Liu Zh., Gong Sh., Tan Zh., Demian P. Immersive technologies-driven building information modeling (BIM) in the context of metaverse [Text] / Zh. Liu, Sh. Gong, Zh. Tan, P. Demian // Buildings. – 2023. – Vol. 13. – Article 1599. <https://doi.org/10.3390/buildings13061559>.
- 9 Oncioiu I., Priescu I. The use of virtual reality in tourism destinations as a tool to develop tourist behavior perspective [Text] / I. Oncioiu, I. Priescu // Sustainability. – 2022. – Vol. 14. – Article 4191. <https://doi.org/10.3390/su14074191>.
- 10 Mamani-Choque M., Machaca-Casani J., Maraza-Quispe B. Impact of immersive learning environments on the development of technological competencies in students [Text] / M. Mamani-Choque, J. Machaca-Casani, B. Maraza-Quispen // International Journal of Evaluation and Research in Education. – 2025. – Vol. 14, No. 3. – P. 2249-2262. <http://doi.org/10.11591/ijere.v14i3.33034>.
- 11 Lin Y., Tseng Yu. Learning english in tourism and hospitality internships overseas: Reflections from six taiwanese college students [Text] / Y. Lin, Yu. Tseng // International Journal of English Linguistics. – 2020. – Vol. 10, No. 5. – P. 55-68. <https://doi.org/10.5539/ijel.v10n5p1>.
- 12 Gu L., Beyond the classroom – exploring the impact of virtual reality exposure on foreign language anxiety with the mediating role of ESL Chinese learners' communicative confidence and fluency [Text] / L. Gu // Humanities and Social Sciences Communications. – 2025. – Vol. 12. – Article 1349. <https://doi.org/10.1057/s41599-025-05030-4>.
- 13 Alazmi H.S., Alemtairy G.M. The effects of immersive virtual reality field trips upon student academic achievement, cognitive load, and multimodal presence in a social studies educational context [Text] / H.S. Alazmi, G.M. Alemtairy // Education and Information Technologies. – 2024. – Vol. 29. – P. 22189-22211. <https://doi.org/10.1007/s10639-024-12682-3>.

14 Alfadil M. Immersive virtual reality: a novel approach to second language vocabulary acquisition in K-12 education [Text] / M. Alfadil // *Sensors*. – 2024. – Vol. 24, No. 22. – Article 7185. <https://doi.org/10.3390/s24227185>.

15 Niu H. The effects of immersive virtual reality on language learning: Causal effects on CEFR-aligned grammatical and lexical performance and within-VR comparative effects on communication and intercultural competence [Text] / H. Niu // *Journal of Educational Computing Research*. – 2026. – Vol. 64. – Iss. 4. – P. 883-923. <https://doi.org/10.1177/07356331261419686>.

16 Deterding S., et al. Gamification. Using game-design elements in non-gaming contexts [Text] / S. Deterding, et al. // *CHI EA '11: CHI '11 Extended Abstracts on Human Factors in Computing Systems*. – 2011. – Vol. 151. – P. 2425-2428. <https://doi.org/10.1145/1979742.1979575>.

17 Jaxongirmirzo M. Revolutionizing education with interactive tech boosts global learning outcomes [Text] / M. Jaxongirmirzo // *Indonesian Journal of Innovation Studies*. – 2024. – Vol. 25. – No. 2. – Article 1129. <https://doi.org/10.21070/ijins.v25i2.1129>.

18 Reigeluth C.M. Instructional design theories and models [Text] / C.M. Reigeluth. – New York: Routledge, 1983.

19 Merrill M.D. First principles of instruction [Text] / M. Merrill // *Educational Technology Research & Development*. – 2002. – Vol. 50. – P. 43-59. <https://doi.org/10.1007/BF02505024>.

20 Kolb D.A. Experiential Learning: Experience as the Source of Learning and Development [Text] / D.A. Kolb. – Pearson Education, 1984.

21 Байменова Б.С., Габдуллина К.М. Цифрлық білім беру ортасында болашақ педагог-психологтердің даярлау ерекшелігі [Мәтін] / Б. Байменова, К. Габдуллина // *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы*. – 2022. – №4(141). – Б. 43-50. <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-141-4-43-50>.

22 Nogaibayeva A.A., Yersultanova G.T., Agabekova B.N. Exploring the gap: teachers' perceptions vs. actual use of information and communication technologies in language education [Text] / A. Nogaibayeva, G. Yersultanova, B. Agabekova // *Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series: Pedagogical Sciences*. – 2024. – Vol. 75. – No. 4. – P. 353-367. <https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.75.4.022>.

23 Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы [Электронды ресурc]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (Жүгінген күні: 20.01.2026).

24 «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы [Электронды ресурc]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726> (Жүгінген күні: 22.01.2026).

25 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы [Электронды ресурc]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> (Жүгінген күні: 20.01.2026).

REFERENCES:

1 Radianti J., Majchrzak T., Fromm J., Wohlgenannt I. A systematic review of immersive virtual reality applications for higher education: Design elements, lessons learned, and research agenda. *Computers & Education*, 2020, vol. 147, art. 103778. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2019.103778>.

2 Parmaxi A. Virtual reality in language learning: a systematic review and implications for research and practice. *Interactive Learning Environments*, 2023, vol. 31, no. 1, pp. 172-184. <https://doi.org/10.1080/10494820.2020.1765392>.

3 Pradana M., Putri Elisa H. Metaverse in education: A systematic literature review. *Cogent Social Sciences*, 2023, vol. 9, art. 2252656. <https://doi.org/10.1080/23311886.2023.2252656>.

4 Lan Y.-J. Immersion, interaction and experience-oriented learning: Bringing virtual reality into FL learning. *Language Learning & Technology*, 2020, vol. 24, no. 1, pp. 1-15. <https://doi.org/10.64152/10125/44704>.

5 Kaplan-Rakowski R., Gruber A. The impact of high-immersion virtual reality on foreign language anxiety. *Smart Learning Environment*, 2023, vol. 10, art. 46. <https://doi.org/10.1186/s40561-023-00263-9>.

6 Makransky G., Mayer R.E. Benefits of taking a virtual field trip in immersive virtual reality: Evidence for the immersion principle in multimedia learning. *Educational Psychology Review*, 2022, vol. 34, pp. 1771-1798. <https://doi.org/10.1007/s10648-022-09675-4>.

7 Tussyadiah I., Jung T., Wang D., Dieck M.C. Virtual reality, presence, and attitude change: Empirical evidence from tourism. *Tourism Management*, 2018, vol. 66, pp. 140-154. <https://doi.org/10.1016/j.tourman.2017.12.003>.

- 8 Liu Zh., Gong Sh., Tan Zh., Demian P. Immersive technologies-driven building information modeling (BIM) in the context of metaverse. *Buildings*, 2023, vol. 13, art. 1599. <https://doi.org/10.3390/buildings13061559>.
- 9 Oncioiu I., Priescu I. The use of virtual reality in tourism destinations as a tool to develop tourist behavior perspective. *Sustainability*, 2022, vol. 14, art. 4191. <https://doi.org/10.3390/su14074191>.
- 10 Mamani-Choque M., Machaca-Casani J., Maraza-Quispe B. Impact of immersive learning environments on the development of technological competencies in students. *International Journal of Evaluation and Research in Education*, 2025, vol. 14, no. 3, pp. 2249-2262. <http://doi.org/10.11591/ijere.v14i3.33034>.
- 11 Lin Y., Tseng Yu. Learning english in tourism and hospitality internships overseas: Reflections from six taiwanese college students. *International Journal of English Linguistics*, 2020, vol. 10, no. 5, pp. 55-68. <https://doi.org/10.5539/ijel.v10n5p1>.
- 12 Gu L., Beyond the classroom – exploring the impact of virtual reality exposure on foreign language anxiety with the mediating role of ESL Chinese learners' communicative confidence and fluency. *Humanities and Social Sciences Communications*, 2025, vol. 12, art. 1349. <https://doi.org/10.1057/s41599-025-05030-4>.
- 13 Alazmi H.S., Alemtairy G.M. The effects of immersive virtual reality field trips upon student academic achievement, cognitive load, and multimodal presence in a social studies educational context. *Education and Information Technologies*, 2024, vol. 29, pp. 22189-22211. <https://doi.org/10.1007/s10639-024-12682-3>.
- 14 Alfadil M. Immersive virtual reality: a novel approach to second language vocabulary acquisition in K-12 education. *Sensors*, 2024, vol. 24, no. 22, art. 7185. <https://doi.org/10.3390/s24227185>.
- 15 Niu H. The effects of immersive virtual reality on language learning: Causal effects on CEFR-aligned grammatical and lexical performance and within-VR comparative effects on communication and intercultural competence. *Journal of Educational Computing Research*, 2026, vol. 64, iss. 4, pp. 883-923. <https://doi.org/10.1177/07356331261419686>.
- 16 Deterding S., et al. Gamification. Using game-design elements in non-gaming contexts. *CHI EA '11: CHI '11 Extended Abstracts on Human Factors in Computing Systems*, 2011, vol. 151, pp. 2425-2428. <https://doi.org/10.1145/1979742.1979575>.
- 17 Jaxongirmirzo M. Revolutionizing education with interactive tech boosts global learning outcomes. *Indonesian Journal of Innovation Studies*, 2024, vol. 25, no. 2, art. 1129. <https://doi.org/10.21070/ijins.v25i2.1129>.
- 18 Reigeluth C.M. Instructional design theories and models. New York, Routledge, 1983.
- 19 Merrill M.D. First principles of instruction. *Educational Technology Research & Development*, 2002, vol. 50, pp. 43-59. <https://doi.org/10.1007/BF02505024>.
- 20 Kolb D.A. *Experiential Learning: Experience as the Source of Learning and Development*. Pearson Education, 1984.
- 21 Bajmenova B.S., Gabdullina K.M. Cifrlyk bilim beru ortasynda bolashak pedagog-psihologterdin dayarlau erekshegi [Features of training future educational psychologists in a digital educational environment]. *L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyk universitetinin Habarshysy. Pedagogika. Psihologiya. Sociologiya seriyasy*, 2022, no. 4 (141), pp. 43-50. <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-141-4-43-50>. (In Kazakh)
- 22 Nogaibayeva A.A., Yersultanova G.T., Agabekova B.N. Exploring the gap: teachers' perceptions vs. actual use of information and communication technologies in language education. *Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series: Pedagogical Sciences*, 2024, vol. 75, no. 4, pp. 353-367. <https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.75.4.022>.
- 23 Kazakstan Respublikasynda zhogary bilimdi zhane gylymdy damytudyn 2023-2029 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasyn bekitu turaly: Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2023 zhylygy 28 nauryzdagy № 248 kaulysy [On approval of the Concept for the Development of Higher Education and Science in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029: Resolution No. 248 dated March 28, 2023]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (accessed 20 January 2026). (In Kazakh)
- 24 «Bilimdi ult» sapaly bilim beru ulttyk zhobasyn bekitu turaly: Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2021 zhylygy 12 kazandagy № 726 kaulysy [On approval of the National Project "Quality Education: Educated Nation": Resolution No. 726 dated October 12, 2021]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726> (accessed 22 January 2026). (In Kazakh)
- 25 Zhogary zhane zhogary oku ornynan kejingi bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarttaryn bekitu turaly: Kazakstan Respublikasy Gylym zhane zhogary bilim ministrinin 2022 zhylygy 20 shildedegi № 2 bujrygy [On approval of the State Compulsory Standards of Higher and Postgraduate Education: Order No. 2 dated July 20, 2022]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> (accessed 20 January 2026). (In Kazakh)

Авторлар туралы мәліметтер:

*Ризаходжаева Гулнара Абдумажитқызы** – PhD докторы, педагогикалық шетел тілдері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан Республикасы, 161200 Түркістан қ., Б.Саттарханов даңғ. 29, тел.: +77770254949, e-mail: Gulnara_rizahodja@mail.ru.

Әбдіханова Жадыра Аманбайқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Қазақстан Республикасы, 161200 Түркістан қ., Көк Байрақ көш. 63, тел.: +77785573356, e-mail: zhadyra.abdikhanova@mail.ru.

Акешова Мадина Мурзахановна – PhD, тілдер мектебінің қауымдастырылған профессоры, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Қазақстан Республикасы, 161200 Түркістан қ., Рабиға Сұлтан Бегім көш. 14Б, тел.: +77011592395, e-mail: madina_shakh@mail.ru.

Нышанова Салтанат Тыныбековна – педагогика ғылымдарының кандидаты, тілдер мектебінің қауымдастырылған профессоры, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Қазақстан Республикасы, 161200 Түркістан қ., Рабиға Сұлтан Бегім көш. 14Б, тел.: +77003491099, e-mail: saltanur@mail.ru.

*Ризаходжаева Гулнара Абдумажитовна** – PhD, ассоциированный профессор кафедры педагогических иностранных языков, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясауи, Республика Казахстан, 161200 г. Туркестан, пр. Б. Саттарханова 29, тел.: +77770254949, e-mail: gulnara_rizahodja@mail.ru.

Абдіханова Жадыра Аманбаевна – магистр педагогических наук, Международный университет туризма и гостеприимства, Республика Казахстан, 161200 г. Туркестан, ул. Кок Байрак, 63, тел.: +77785573356, e-mail: zhadyra.abdikhanova@mail.ru.

Акешова Мадина Мурзахановна – PhD, ассоциированный профессор языковой школы, Международный университет туризма и гостеприимства, Республика Казахстан, 161200 г. Туркестан, ул. Рабиға Султан Бегим 14Б, тел.: +77011592395, e-mail: madina_shakh@mail.ru.

Нышанова Салтанат Тыныбековна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор языковой школы, Международный университет туризма и гостеприимства, Республика Казахстан, 161200 г. Туркестан, ул. Рабиға Султан Бегим 14Б, тел.: +77003491099, e-mail: saltanur@mail.ru.

*Rizakhodzhayeva Gulnara Abdumazhitkyzy** – PhD, Associate Professor of the Department of foreign languages teaching, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Republic of Kazakhstan, 161200 Turkestan, 29 B. Sattarkhanov Ave., tel.: +77770254949, e-mail: gulnara_rizahodja@mail.ru.

Abdikhanova Zhadyra Amanbaikyzy – Master of Pedagogical Sciences, International University of Tourism and Hospitality, Republic of Kazakhstan, 161200 Turkistan, 63 Kok Bairak Str., tel.: +77785573356, e-mail: zhadyra.abdikhanova@mail.ru.

Akeshova Madina Murzakhanovna – PhD, Associate Professor of Language School, International University of Tourism and Hospitality, Republic of Kazakhstan, 161200 Turkestan, 14B Rabiga Sultan Begim Str., tel.: +77011592395, e-mail: madina_shakh@mail.ru.

Nyshanova Saltanat Tynybekovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of Language School, International University of Tourism and Hospitality, Republic of Kazakhstan, 161200 Turkestan, 14B Rabiga Sultan Begim Str., tel.: +77003491099, e-mail: saltanur@mail.ru.

XFTAP 14.85.09

ӨОЖ 372.881.1

<https://doi.org/10.52269/SKVC2622275>

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ МЕН ИНТЕРАКТИВТІ ҚҰРАЛДАРЫ

*Стамкулова Ж.Е.** – PhD докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Күркебаев К.К. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Саткенова Ж.Б. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада қазақ тілін қашықтан оқытудың тиімді әдістері мен интерактивті құралдарын қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылады. Қазіргі цифрлық білім беру кеңістігінде қашықтан оқыту – тілдік білім берудің жаңа форматы ретінде қалыптасып, оқыту үдерісін дара-